

«БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ »

Қазақстан Республикасы БҚО

Орал қаласы №5 ЖОББМ

Бастауыш сынып мұғалімі:

Бердекенова Мендигул Насипкалиевна

Қазіргі мектептің басты мақсаты- әр оқушының қабілетін ашу, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны өмірге дайындау, заманауи білім, дағдылары мен қасиеттерді дамыту. Белсенді әдістерді қолдану арқылы мұғалім оқушыны ойлануға, практикалық іс-әрекет дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасайды.

Топтық жұмысты ұйымдастыру барысында төмендегі белгілер қалыптасады:

-Әр топ мүшелері қажетті білімдерін қалыптастырады:

-Әроқушының дара(дербес) жауапкершілігі артады:

-Әр бір оқушының жетістікке жетуге теңдей мүмкіндіктері болады:

-Топта ынтымақтастық жағдай орын алады:

Топтық жұмыстың тиімділігі мен нәтижелілігі келесі әрекеттерден арта түседі:

-Берілген тапсырма топтың барлық мүшелеріне қызықты болуы керек

-Тапсырма барлық оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келіп,оларда бірлескен жұмысқа деген ынта тудыруы керек

-Топ ішіндегі бірлескен жұмыс ережелерін айқындап,нақты уақыт белгіленуі керек

-Тапсырма берілген соң оның түсініктілігін ,топ ішінде талқылап алу керек

-Жұмыс аяғында әр топ нәтижелерін жариялап,топтық жұмыстарын бірлесе қорғаулары тиіс.

Мен топқа бөлуде көптеген әдіс тәсілдерді қолданамын:

Қағаз қиындылары арқылы топқа бөліну.Жыл мезгілдері,жануарлар,құстар немесе басқа да суреттерді үшке,төртке,беске (неше топқа бөлуді жоспарлауыңызға қарай) қиып,араластырып оқушыларға таратылады.

Оқушылар сол қиындылардан суретті құрастырып,сол сурет бойынша бірігіп,топқа бөлінеді.Геометриялық фигуралар арқылы топқа бөліну.

Ойындар арқылы топқа бөліну Тұрғын және үй ойыны,т.б және платформалар арқылы да сайттарда да топқа бөле аламыз солардың бірі «Stopwatch»

1.Топ басшы - бір топқа 2 белсенді,мазасыз оқушы немесе орташа деңгейдегі оқушылар түсуі мүмкін,ондай жағдайда топ басшы топтағы әділдікті,оқушылар арасындағы тәртіпті бақылап отырады және топтың ережесін ,соңғы нәтижесін естеріне салып,топтық жұмысқа өз идеясын қосып ұйымдастырып отырады.

2.Бақылаушы —әрбір осы 5 рөл өз міндеттерін атқарып жатыр ма,осыны бақылап,қадағалап отырады.

3.Хатшы- бір топта 5-6 оқушы болуы мүмкін,солардың әрбірінен әр-түрлі пікірлер түсуі мүмкін сол пікірлерді қағаз бетіне жазып,жинақтап отырады.

4.Уақыт шектеуші- уақытшектейді ,берілген тапсырманың деңгейіне қарай уақыт беріледі,оқушылар сол уақытты үнемді пайдалануға дағдыланулары керек.

5.Баяндаушы —ортаға шығып өз тобының атынан топтық жұмысты баяндайды,қорғайды

Осындай рөлдерге бөлініп топтық жұмысты орындаған жағдайда,әрбір оқушы сабаққа қатысып,тапсырманың орындалып,мақсатқа жетуге бәрі ат салысады көлеңкеде қалған оқушылар болмайды деп ойлаймыз.Топтық рөлдерде ойнай отырып оқушылар,топ басшы рөліндегі оқушы ұйымдастыру дағдысын,хатшы рөліндегі оқушы жазу дағдысын меңгереді,бақылаушы әр-түрлі пікірлерді салыстырып өзін-өзі реттеуді үйренеді.Баяндаушы рөліндегі оқушы-ортада сөйлеп аудиторияны меңгеріп,өз ойын ашық,еркін жеткізе білуге дағдыланады.Тағыда бір басты назарда ұстау керек жағдай топқа бөлген кезде бір оқушы үнемі бір рөлді алмауы керек топ мүшелері әр бөлінгенде әр-түрлі рөлдерде ойнай алулары маңызды.

Қорытындылай келе: әрбір сабақта топтық жұмыстар арқылы бірлесе әрекеттенген тиімді екенін түсіндім. Бұл ұстаным – құрастырылған білімнің басты идеяларының бірі. Осы бағытты ұстанған оқу, үйрену әдістерінің барлығы да бірлескен әрекеттерді үйренудің негізі деп танымын. Топтық жұмыс оқушыларға бірлескен жұмыстың қызықты әрі тартымды әрекет екендігін көрсетеді, оқушылардың жалпы еңбекке деген ынтасын арттырады. Оқушыларды топқа бөлу арқылы оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын жақсартып, өзіндік пікірі, айтатын ойы қалыптасады. Өз ойын басқалардың пікірімен салыстыру арқылы жеткізеді. Ең маңызды тиімділігі оқушыларды ынтымақтастыққа тәрбиелейді. Сол себептен де топқа бөлу әдісі көп қолданылатын, оқушылардың қызығушылығын тудырып, оқушыларға ұнайтын әдістің бірі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану» Оқу құралы /Әлімов А.Қ., Астана, 2014ж. «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.
<https://bilimger.kz/73826/?ysclid=m9gxutgwns227501335>
<https://www.azbyka.kz/okytudyn-innovaciyak-disi-insert?ysclid=m9gy27nx6y980224909>
2. «Ел және мұғалім» газеті, №5 (0014), 10 ақпан, 2017 ж
<https://bilimger.kz/73826/?ysclid=m9gy2s0p88804120303>
<https://www.azbyka.kz/okytudyn-innovaciyak-disi-insert?ysclid=m9gy33f7g1820480833>
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық: Екінші(негізгі) деңгей /Бакиров К.А., Намысова Г.А., Аушева И.У., Шаримова А.Г., Ғабдоллақызы
<https://infourok.ru/oushildardi-sini-oylauin-damitu-zholdaribayandama-830868.html?ysclid=m9gy4g2hz2422482482>